



**АМАНЖОЛ ЗАҒЫПАР**

## Өмірбаян

Аманжол Зағыпар - 1985 жылы туған. Солтүстік Қазақстан облысы, қызылжар қаласы. Ақын, облыстық, республикалық жыр-мүшәралардың жүлдегері, жеңімпазы. 1985 жылы 23-желтоқсанда Монғолия мемлекетінің Баян-Өлгий аймағының Алтын-цөгцө ауылында дүниеге келген. 2005 жылы Мағжан Жұмабаев атындағы Петропавл қалалық гуманитарлық колледжіні үздік дипломмен бітіріп, Сол колледжіде қазіргі уақытта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы болып қызмет атқарады. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі болған Т.А.Мансұров жариялаған «Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы -Қазақстан гүлдену жолында» (2006) атты рефераттар байқауының I дәрежелі сыйақысының иегері. Республика күніне және Қазақстан халықтар ассамблеясының он жылдығына арналған облыстық ақындар айтысында II орын (2005ж). Наурыз мейрамы қарсаңында өткізілген облыстық ақындар айтысында I орын (2007ж). Облыстық білім беру департаментінің ұйымдастыруымен Абай Құнанбаевтың 160 жылдығына арналып өткізілген «Абай оқуында» гранпри жүлдесінің иегері. Солтүстік Қазақстан облысы Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы өткізген Мағжан Жұмабаев оқуларының «Мен жастарға сенемін» аталымы бойынша I орын. Республиканың тәуелсіздік күніне арналған қалалық II мүшәйрада бірінші орынды жеңіп алды. Алматы қаласында Қазақстан ұлттық телеарнасында жексенбі сайын өткізіліп тұратын «Аламан айтысқа» қатысып, облысымыздың намысын қорғап, абыроймен оралды. Солтүстік Қазақстан Облысының Білім департаментінің ұйымдастыруымен Мағжан Жұмабаевтың 115 жылдығына арналған облыстық әдеби оқуларында «Жүрегім жырмен тербелген» аталымы бойынша I орынды жеңіп алды (2008). «Петропавл қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бастығы Ж.Темірбаевтың қолдауымен өткізілген Оралқан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің қалалық байқауында II орын. 2008 жылғы М.Мақатаев атындағы II Республикалық ақындар байқауының II орын иегері. «Менің Қазақстаным, менің жерім» атты республикалық жас шығармашыл жастардың байқауында III орын иегері. Облыстық «Нұр Отан» бөлімшесінің ұйымдастыруымен өткен «Мен жемқорлыққа қарсымын» атты облыстық жас ақындар мүшәйрасының гранпри жүлдесінің иегері. Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Абай мен Пушкин» атындағы облыстық ақындар мүшәйрасының бас жүлдегері. 2010 жылы Астана қаласында өткен Халықаралық «Шабыт» фестивалында дипломант атанса, 2011 -жылы Шымкент қаласында өткен республикалық «Шешендік енер» байқауында жүлделі 3-орынды иеленді. Ал 2012 жылы Шымкент қаласында өткен «Кәнеки тілім сөйлеші» республикалық байқауда жүлделі 3-ші орынды қанжығасына байлады.

Сонымен бірге облыс әкімінің солтүстік қазақстан өңірінде мемлекеттік тіліміздің дамуына үлес қосқан үшін «құрмет грамотасының иегері», Мемлекеттік рәміздердің жиырма жыл толуына орай 2012 жылдың патриоты дипломымен және 2012 жылы өткен «Мағжан көктемі» республикалық байқаудың кетермелеу жүлдесін алдым. Өлеңдерім Көкшетау жас ақындар антологиясында, Республикалық Мағжан журналында, Республикалық «Дала дарындары», «Қызырлы Қызылжар» жас ақындар жинағына енген және облыстық, республикалық басылымдарда жарық көрді.